

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ
Басқармасы шешімімен
бекігілді
2014 жылғы «04» қыркүйек
№ 83 хаттаманың 17.

**«KMG-Security»
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
ЖАРҒЫСЫ**

Астана қаласы, 2014 жыл

1. Жалпы ережелер

1. «KMG-Security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік) Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады, атауы «Семсер» акционерлік қоғамын қайта құру нәтижесінде құрылған «Semser Security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жаңа атау беру арқылы өзгертілді және өз қызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне (бұдан әрі – Қазақстан Республикасының заңнамасы), сондай-ақ осы Жарғыға (бұдан әрі – Жарғы) сәйкес жүзеге асырады.

2 «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Серіктестіктің Жалғыз құрылтайшысы (бұдан әрі - Жалғыз қатысушы) болып табылады.

Орналасқан жері (мекенжайы): 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 19.

Банктік деректемелері: е/ш KZ356010111000002033, БЖК HSBKKZKX, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, СТН 620100210025, БЖН 020 240 000 555.

3. Серіктестіктің фирмалық атауы:

мемлекеттік тілде: «KMG-Security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

орыс тілінде: Товарищество с ограниченной ответственностью «KMG-Security»;

ағылшын тілінде: «KMG-Security» Limited liability partnership.

4. Серіктестіктің қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде: «KMG-Security» ЖШС;

орыс тілінде: ТОО «KMG-Security»;

ағылшын тілінде: «KMG-Security» LLP.

5. Серіктестіктің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Астана қ. «Алматы» ауданы, Дарабоз көшесі, 41-үй, СК1/1.

6. Серіктестіктің мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қ. «Алматы» ауданы, Дарабоз көшесі, 41-үй, СК1/1.

7. Серіктестіктің қызмет ету мерзімі – шектеусіз.

8. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысымен бекітілген тапсыру кесіміне сәйкес, Серіктестікке «Семсер» акционерлік қоғамының барлық мүлгі, құқықтары мен міндеттері, соның ішінде «Қазақстан Республикасындағы мұнай газ секторындағы қауіпсіздіктің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 қыркүйектегі № 1240 қаулысы мен «Жеке қару түрлері айналымына мемлекеттік бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар туралы» 2000 жылғы 3 тамыздағы № 1176 қаулысы бойынша «Семсер» акционерлік қоғамының құқықтары мен міндеттері беріледі.

2. Серіктестіктің заңды мәртебесі

9. Серіктестік Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлға мәртебесін алады.

10. Серіктестіктің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі толық фирмалық атауы көрсетілген мөрі, дербес балансы, банктік шоттары, өзінің атауы, бейнелемесі көрсетілген бланкілері, тауар белгісі бар. Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат жариялау үшін www.semser.kz веб-сайты қолданылады.

11. Серіктестік өз қызметінің мақсатына жету үшін өз атынан мәмілелер жасау, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарға ие болуға, міндеттерді атқаруға, сотта талапкер және жауапкер болуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қарама қайшы болмайтын өзге іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.

12. Серіктестік Қазақстан Республикасының аумағында және шетелде филиалдар мен өкілдіктерді құруға, басқа заңды тұлғалармен бірге бірлестіктерге (одастарға) кіруге,

сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіпте басқа да заңды тұлғалардың қатысушысы болуға құқылы. Филиалдар мен өкілдіктердің қызметін басқаруды Серіктестіктің Бас директорымен (Басқарма төрағасымен) тағайындалатын тұлғалар жүзеге асырады. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары Серіктестікпен берілген сенімхаттардың негізінде қызмет жасайды.

13. Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктері Жалғыз қатысушымен бекітілген олар туралы Ережелерге сәйкес қызмет етеді, және жалпы қызметінде Заңды, Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғы мен олар туралы Ережелерді басшылыққа алады.

14. Серіктестік өзінің міндеттемелері бойынша оған тиесілі барлық мүлігімен жауап береді. Серіктестік Жалғыз қатысушының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

15. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өзі енгізген салым құнының шегінде Серіктестіктің қызметіне байланысты шығын тәуекелін көтереді.

16. Серіктестік орналасқан жерін ауыстырғанда, бұл туралы ол оның мемлекеттік тіркелуін жүзеге асырған органды, және Серіктестіктің орналасқан жана жеріндегі заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркелуін жүзеге асыратын органды заңды тұлғалардың мемлекеттік тізіміне қажетті өзгерістерді енгізу үшін хабарландыруға міндетті.

17. Серіктестік өзінің қаржылық-шаруашылық қызметіне бухгалтерлік есеп жүргізеді. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес статистикалық және қаржылық есептілікті құрастырады.

18. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Серіктестік облигацияларды шығаруға құқылы.

19. Серіктестік белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының аумағында және оның шекарасынан тыс жерлерде орналасқан банктерде және басқа қаржы мекемелерінде ұлттық валютада, содай-ақ шетел валютасында есеп шот ашуға құқылы.

3. Қызметтің мақсаты мен түрлері

20. Серіктестік қызметінің негізгі мақсаты пайда алу болып табылады.

21. Аталған мақсатқа жету үшін Серіктестік күзет қызметін келесі қызмет түрлерін көрсету арқылы жүзеге асырады:

- 1) жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығын қорғау;
- 2) заңды және жеке тұлғалардың мүлігін, соның ішінде оларды тасымалдағанда күзету;
- 3) күзет тәсілдері мен құқыққа қайшы қол сұғушылықтардан заңды түрде қорғау жөнінде кеңес беру және ұсыныстар әзірлеу.

22. Серіктестік жоғарыда айтылған қызмет түрлерімен Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органымен берілетін лицензияның негізінде айналыса алады. Серіктестік күзет қызметін тек қана «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ және онымен аффилиирленген заңды тұлғалар үшін жүзеге асырады.

4. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының құқықтары мен міндеттері.

23. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы:

1) Заңмен және осы Жарғымен көзделген тәртіпте Серіктестіктің жұмысын басқаруға қатысуға;

2) Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты алуға және оның бухгалтерлік және басқа да құжаттамасымен белгіленген тәртіпте онымен белгіленген мерзімде кез келген тәсіл арқылы (тексерулер, жазбаша және ауызша сұранымдар мен т б) танысуға;

3) Заңға, Жарғыға және Жалғыз қатысушының шешімдеріне сәйкес Серіктестік қызметінен кіріс алуға;

4) Заңмен және (немесе) Серіктестіктің Жарғысымен көзделген олардың құқықтарын бұзатын Серіктестік органдарының шешімдерін сот тәртібімен даулауға;

5)Серіктестікке оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және Серіктестікке сұранымның түскен күнінен бастап он бес күннің ішінде, егер сұранымда басқа мерзім көрсетілмесе, дәйекті жауап алуға;

6)Серіктестік таратылған жағдайда кредиторлармен есептескеннен кейін қалған мүлік бөлігінің құнын, немесе сол мүліктің бөлігін заттай алуға;

7)Заңмен көзделген тәртіпте өз үлесін айырып алу арқылы Серіктестікке қатысуды тоқтатуға;

8)Серіктестіктің қаржылық есеп беруіне аудиторлық тексеруді өз есебінен жүргізуді талап етуге;

9)Жалғыз қатысушының ішкі аудит Қызметі арқылы Серіктестіктің қызметін жетілдіру мақсатында Серіктестіктің қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жүргізуге, корпоративтік басқару саласында бағалау жүргізуге және кеңес беруге құқылы.

24.Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы:

1)Жарғының талаптарын сақтауға;

2)Серіктестікпен коммерциялық құпия деп жарияланған мәліметтерді жарияламауға;

3)Жарғымен көзделген тәртіпте, мөлшерде және мерзімде Серіктестіктің Жарғылық капиталына салым салуға;

4)Атаун. орналасқан жері, мекенжайы, банктік деректемелері өзгергені туралы атқарушы органды жазбаша хабарландыруға;

5)Серіктестікке оның мақсатына жетуге белгіленген тәртіпте көмек көрсетуге міндетті.

25.Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Жарғымен көзделген басқа да құқықтарға (міндеттерді) ие бола (атқара) алады.

5.Жарғылық капитал

26.Серіктестіктің Жарғылық капиталы 1 273 000 000 (бір миллиард екі жүз жетпіс үш миллион) теңгені құрайды.

27.Серіктестіктің мемлекеттік тіркелуіне дейін жарғылық капитал толығымен төленді.

28.Серіктестіктің жарғылық капиталына салым ретінде ақша, құнды қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, соның ішінде жерді пайдалану құқығы мен санаткерлік қызмет нәтижелеріне құқықтар мен басқа да мүлік болуы мүмкін.

Салым ретінде жеке мүліктік емес құқықтар мен басқа материалдық емес игіліктерді енгізуге жол берілмейді.

29.Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшері Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының шешімімен ғана өзгертілуі мүмкін.

30.Серіктестіктің Жарғылық капиталының ұлғайту:

1)Серіктестіктің Жалғыз қатысушысымен жүргізілетін қосымша салымы арқылы;

2)Серіктестіктің өзіндік капиталы есебінен, соның ішінде оның резервтік капиталы есебінен;

3)Серіктестікке жаңа қатысушыларды қабылдау арқылы жүзеге асырыла алынады.

31.Серіктестіктің Жарғылық капиталының ұлғаюы мен азайтылуы Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте жүзеге асырылады. Серіктестіктің Жарғылық капиталының азайтылуы Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының салым мөлшерін азайту арқылы жүзеге асырыла алынады.

Серіктестіктің Жарғылық капиталын оның мемлекеттік тіркелген сәттегі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген ең аз мөлшерден төмен азайтуға болмайды.

6.Серіктестіктің мүлкі және Серіктестіктің таза кірісін болу

32.Серіктестіктің мүлкі:

1)Жалғыз қатысушының жарғылық капиталға салған салымдары;

2)Серіктестіктің қызметінен алынған кірістер;
3)Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да көздердің есебінен құралады.

33.Серіктестіктің мүлкі оның балансында ескеріледі.

34.Серіктестіктің жыл бойы өз қызметінің нәтижелері бойынша алынған таза кірісі Жалғыз қатысушының шешіміне сәйкес бөлінеді.

35.Серіктестік төлемді Жалғыз қатысушысымен келіскен мерзімде, бірақ оған тиесілі таза кірісті төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап бір айдан асырмай, ақшалай түрде жүргізуге тиіс.

36.Барлық жарғылық капиталдың толық төлемі жүргізілмегенше Жалғыз қатысушы кірісті алуға құқылы емес.

37.Серіктестіктің мүмкін деген шығындары Серіктестікте резервтік қор құрылған жағдайда, соның есебінен жабылады.

38.Серіктестіктің жылдық қаржылық есеп беруінің дұрыстығын, сондай-ақ оның ағымдағы істерін тексеру және өткізу үшін, Серіктестіктің, Серіктестік Басқармасының, Қадағалау кеңесі мүшелерінің немесе Жалғыз қатысушының мүлдіктік мүдделеріне қатыспайтын аудиторлық компания (сыртқы аудит) қатыстырыла алынады.

7.Серіктестіктің органдары лауазымды тұлғалары

39.Серіктестіктің органдары:

1)Серіктестіктің жоғарғы органы - Жалғыз қатысушы;

2)қадағалаушы органы – Қадағалау кеңесі;

3)атқарушы органы – Басқарма;

4)бақылау органы - Тексеру комиссиясы болып табылады.

Серіктестіктің лауазымды тұлғаларына Басқарма және Бақылау кеңесінің мүшелері кіреді.

Серіктестік органының құзыреттері, оларды таңдау (тағайындау) тәртібі, және олардың шешім қабылдау тәртібі Заңмен, осы Жарғымен және Серіктестіктің ішкі құжаттарымен белгіленеді.

8.Серіктестіктің жоғарғы органы - Жалғыз қатысушы

40.Серіктестіктің жоғарғы органы жалғыз қатысушымен (Жалғыз қатысушы) танылады. Шешімдер Жалғыз қатысушымен жеке қабылданады және жазбаша рәсімделеді.

41.Жалғыз қатысушымен шешімді қабылдау үшін мәселелерді әзірлеу Серіктестіктің Басқармасымен, Серіктестіктің тіркеушісімен, онымен жасалған келісімшартқа сәйкес, Серіктестіктің Қадағалау кеңесімен, Серіктестіктің тарату комиссиясымен жүзеге асырылады.

42.Жалғыз қатысушының талқылауына мәселелерді шығаруға Серіктестіктің Басқармасы немесе Қадағалау кеңесі бастамашылық етеді.

43.Өз еркімен таратылған жағдайда мәселелерді Жалғыз қатысушының талқылауына шығаруға сондай-ақ Серіктестіктің тарату комиссиясымен бастамашылық етілуі мүмкін.

44.Жалғыз қатысушының талқылауына мәселелерді шығару бойынша шығындарды Серіктестік өтейді, заңнамамен бекітілген жағдайлардан басқа.

45.Жалғыз қатысушының талқылауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдар сол мәселе бойынша дәйекті шешімді қабылдауға қажетті көлемдегі ақпаратқа ие болуы керек.

46.Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының айрықша құзыретіне:

1)жарғылық капитал мөлшерінің, орналасқан жерінің, фирмалық атауының өзгерістері енгізілген Серіктестіктің Жарғысын өзгерту, немесе Серіктестік Жарғысын жана редакцияда бекіту;

2)Серіктестіктің Басқармасын құру, соның ішінде Серіктестік Басқармасының құрамдық санын, өкілеттігінің мерзімін анықтау, Серіктестіктің Басқарма мүшелерін, Бас директорды (Басқарма Төрағасын) қоса алғанда тағайындау және олардың өкілеттігін

тоқтату, Басқарма туралы Ережені бекіту;

3) Серіктестікті немесе оның мүлігін сенімді басқаруға тапсыру туралы шешімді қабылдау және осындай тапсырудың шарттарын анықтау;

4) Серіктестіктің Қадағалау кеңесі мен Тексеру комиссиясының мүшелерін сайлау, Қадағалау кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, және олардың өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату;

5) Тексеру комиссиясының есептері мен қорытындыларын бекіту;

6) жылдық қаржылық есеп пен нығайтылған қаржылық есепті бекіту;

7) есепті қаржы жылдағы Серіктестіктің таза кірісін бөлу тәртібін бекіту;

8) ішкі ережелерді, оларды қабылдау рәсімдерін және Серіктестіктің Жалғыз қатысушысымен бекітілген тізілімге сәйкес, Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін басқа да құжаттарды бекіту, Серіктестіктің басқа органдарының құзырлығына олардың бекітілуі Серіктестіктің Жарғысымен берілген құжаттардан басқа;

9) Серіктестікті қайта құру немесе тарату туралы шешім;

10) Тарату комиссиясын тағайындау және тарату балансын бекіту;

11) Серіктестіктің барлық мүлігін кепілге салу туралы шешім қабылдау;

12) Серіктестіктің мүлігіне Заңға сәйкес қосымша жарналар енгізу туралы шешім қабылдау;

13) Жалғыз қатысушыға және үлесті сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты беру тәртібі мен мерзімін бекіту;

14) Серіктестіктің басқа шаруашылық Серіктестіктерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағына, және одан шет жерлерде коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы туралы шешім қабылдау;

15) Қазақстан Республикасының аумағында және шетелде филиалдар мен өкілдіктерді құру туралы шешім қабылдау, сондай-ақ олар туралы ережелерді бекіту;

16) Серіктестіктің және Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің орындалған жұмысы туралы жылдық есеп беруін бекіту;

17) Белгіленген тәртіпте Серіктестіктің Бизнес-жоспарын, Бизнес-жоспарға түзетулерді бекіту;

18) Жалғыз қатысушымен белгіленген тәртіпте Серіктестіктің ұзақ мерзімді даму стратегиясын бекіту;

19) Серіктестіктің қаржылық, инвестициялық, өндірістік-шаруашылық, ғылыми-техникалық, ақшаны басқару, кадрлық, әлеуметтік және өзге де саясаттарын қалыптастыру және бекіту;

20) «Самрук-Қазына» АҚ бекітетін әдістемелік ұсынымдар мен корпоративтік стандарттардан басқа Серіктестікке қатысты әдістемелік ұсынымдар мен корпоративтік стандарттарды бекіту.

47. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының айрықша құзыретіне жатпайтын мәселелер:

1) Серіктестік қызметінің басым бағыттарын анықтау;

2) Серіктестіктің міндеттемелерін арттыратын күннің алдындағы оның жыл соңындағы өзіндік капиталының 25 (жиырма бес) және одан астам пайыз мөлшерін құрайтын көлемге Серіктестіктің міндеттемелерін арттыру туралы шешімді қабылдау;

3) Тексеру комиссиясының жылдық жұмыс жоспарын бекіту жатады.

48. Жалғыз қатысушы Серіктестіктің қызметіне байланысты кез келген мәселені талқылауға қарау үшін қабылдауға құқылы.

49. Жалғыз қатысушы өзінің айрықша құзыретіне жатпайтын өкілеттігін Серіктестіктің Қадағалаушы кеңесіне немесе атқарушы органына беруге құқылы.

50. Жалғыз қатысушы Серіктестіктің ішкі қызметіне қатысты мәселелері бойынша Серіктестіктің басқа органдарының кез келген шешімін бұзуға құқылы.

9. Қадағалау кеңесі

51. Қадағалау кеңесі Серіктестіктің атқарушы органының қызметіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен белгіленген шенберде бақылау

жасауды жүзеге асыратын орган болып табылады.

Қадағалау кеңесі Жалғыз қатысушының алдында жауапкершілікке тартылады.

52. Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің құзыретіне мыналар жатады:

1) орталық аппараттың және Серіктестіктің Астана қаласы бойынша арнайы бөлімшесінің, филиалдары мен өкілдіктердің әкімшілік-басқару персоналының штат санын, сондай-ақ Серіктестіктің орталық аппаратының басқару құрылымын бекіту;

2) барлық активтерді қайта бағалау туралы Басқарманың шешімдерін бекіту;

3) Серіктестік немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық және заңмен корғалатын өзге құпияны құрайтын ақпаратты анықтау;

4) тәуекелді классификаторын, регистрін және тәуекел картасын бекіту, басқару жөніндегі Серіктестік Басқармасының есебін және тәуекелді басқару;

5) Серіктестіктің есеп саясаты мен салықтық есеп саясатын бекіту;

6) Серіктестіктің негізгі құралдарын, тауарлық-материалдық қорлары мен материалдық емес активтерін бір бірлік үшін, бес жүз есе айлық есептік көрсеткішпен астам тиісті қаржы жылына Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген баланстық құнымен сату мен есептен шығару туралы шешімдерді қабылдау;

7) жеңілдіктерді беру, қаржылық көмек және қарыз беру туралы шешімдерді қабылдау;

8) Қазақстан Республикасының және Серіктестіктің Жарғысымен белгіленген тәртіпте Серіктестіктің қаржылық есебіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды (сыртқы аудит), оның қызметінің төлем мөлшерін анықтау;

9) лауазымдық еңбекақылар тәсімін, лауазымдық еңбекақылардың мөлшерлерін, қызметін уәждемелік басты көрсеткіштерін, Бас директорға (Басқарма төрағасына) және Серіктестіктің Басқарма мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшерлерін бекіту;

10) басшылық етегін жұмыскерлердің тізімін, әкімшілік және басшылық персоналдың лауазымдық еңбекақыларының тәсімін, басшылық персонал қызметі тиімділігінің уәждемелік басты көрсеткіштерін, басшылық персоналға сыйақы төлеу мөлшерлерін бекіту;

11) Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының келісімі бойынша тағайындау және босату Бас директорымен (Басқарма төрағасымен) жүзеге асырылатын лауазымдар номенклатурасын бекіту.

12) қызметтік жеңіл автомобильдердің тиісті нормативтері мен әкімшілік аппаратты орналастыратын алаңның көлемін анықтау, және басқа нормативтері;

13) қызметтік іссапарға жіберілетін Серіктестік жұмыскерлерінің шығындарын өтеу тәртібі мен шарттарын анықтау;

14) жұмыскерлерге ұялы байланыспен пайдалану құқығы берілген кезде Серіктестік есебінен өтелетін шығындардың лимитін, өкілдік шығындар лимитін анықтау;

15) жылдық қаржы есебін және шоғырландырылған қаржы есебін алдын ала келісу, және Серіктестіктің есептік қаржылық жылда таза пайдасының болу бойынша ұсыныс енгізу;

16) оған Жалғыз қатысушымен берілген, соңғының айрықша емес құзыретіне жататын кез келген мәселелерді қарау;

53. Қадағалау кеңесі атқарушы органның қызметін үнемі бақылауға, Серіктестіктің Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Серіктестіктің Жарғысымен сәйкестікте жұмыс істеуін қадағалап отыруға міндетті.

Атқарушы органның қызметіне бақылау жасауды жүзеге асыру мақсатында, өзінің жеке бастамасы бойынша Қадағалау кеңесі Жалғыз қатысушы мен Қадағалау кеңесінің шешімдерінің орындалуы туралы есепті, сондай-ақ Серіктестіктің қызметі туралы мәселелер бойынша кез келген құжаттаманы сұратуға құқылы.

Жалғыз қатысушы Серіктестіктің коммерциялық қызметін басқару жөніндегі атқарушы органның жұмысын тексеру туралы жазбаша талаппен, себептерін көрсете отырып, Қадағалау кеңесіне өтінуге құқылы.

Қадағалау кеңесінің Төрағасы атқарушы органның қызметін тексеру жөніндегі өзінің міндеттемелерін Қадағалау кеңесінің мүшелерінің біреуіне жүстей алады немесе кейбір мәселелерді нақтылау үшін мамандарды тарта алады.

Қадағалау кеңесі Жалғыз қатысушының сұрауы бойынша Серіктестіктің қызметіне баға беруден және тұрастық алғанда оны жақсарту жөніндегі ұсыныстардан тұратын баяндаманы оның қарауына

беруге міндетті.

Қадағалау кеңесі атқарушы органның құзыретіндегі Серіктестіктің жедел басқару мәселелерін шеше алмайды.

54. Қадағалау кеңесі саны кемінде үш адамнан тұратын 5 жылдан артық емес мерзімге Жалғыз қатысушымен тағайындалады.

Қадағалау кеңесінің мүшесі бір уақытта Серіктестіктің атқарушы органының мүшесі бола алмайды.

Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің құрамына сайланған тұлғаларды Жалғыз қатысушы шексіз қайта сайлай алады.

Жалғыз қатысушы Қадағалау кеңесінің барлық немесе жекеленген мүшелерінің өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтауға құқылы.

Қадағалау кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімнен бұрын тоқтатылған жағдайда, оның жаңа мүшесі Жалғыз қатысушының шешімімен сайланады, бұл ретте Қадағалау кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі, тұтас алғанда, Қадағалау кеңесінің өкілеттігінің мерзімімен бір уақытта аяқталады.

55. Қадағалау кеңесін төраға басқарады, оны Жалғыз қатысушы тағайындайды.

Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің Төрағасы заңнамамен және Жарғымен бекітілген тәртіпте:

1) Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;

2) Қадағалау кеңесінің отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;

3) Қадағалау кеңесінің отырыстарында хаттаманың жүргізілуін ұйымдастырады;

4) Серіктестіктің атынан Бас директормен (Басқарма төрағасымен) еңбек келісімшартын жасайды, Қадағалау кеңесінің шешіміне сәйкес лауазымдық жалақының мөлшерін анықтайды. Бұл ретте еңбек келісімшарты Серіктестіктің Бас директорының (Басқарма төрағасының) материалдық сыйақысы және жауапкершілігі Серіктестіктің Қадағалау кеңесімен белгіленген қызметтің уәждемелік басты көрсеткіштері жөніндегі жоспардың орындалуын бағалаудың нәтижелеріне тікелей байланысты екенін ескеру керек;

5) Серіктестіктің атынан аудиторлық ұйымдармен жыл сайын аудит жүргізу туралы келісімшарт жасайды;

6) Бас директордың (Басқарма төрағасының) және Серіктестік басқармасының мүшелеріне шетелдік іссапарларға шығуына келісім береді;

7) Заңнамамен және Жарғымен көзделген басқа мәселелер. Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның қызметін Қадағалау кеңесінің шешімі бойынша Қадағалау кеңесі мүшелерінің біреуі атқарады.

56. Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің мүшелері Серіктестік қызметкерлерінің немесе Жалғыз қатысушының өкілдері қатарынан Қадағалау кеңесінің бірінші отырысында Қадағалау кеңесінің хатшысын сайлайды.

Хатшы Қадағалау кеңесінің мүшесі болып табылмайды және Қадағалау кеңесі мүшелерінің дауыс беруі кезінде дауысқа ие бола алмайды.

57. Қадағалау кеңесінің отырыстары қажет болған жағдайда оның өз төрағасының бастамасы бойынша, Жалғыз қатысушының, Қадағалау кеңесінің кез-келген мүшесінің, атқарушы органның, тексеру комиссиясының талабы бойынша шақырылады.

Хатшы Қадағалау кеңесінің мүшелерін отырыс басталғанға дейін кемінде 3 (үш) күнтізбелік күні бұрын отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дәйекті шешімдерді қабылдауға қажетті көлемдегі ақпараты бар материалдарды қатыстыра отырып отырыстың өтетін уақыты мен орны туралы хабардар етеді.

Егер қатысушылардың немесе онда ұсынылған тандапған мүшелердің дауысы жалпы дауыстар санының жартысынан астам болғанда, Қадағалау кеңесінің отырысы заңды, ал кворумның шарты сақталған болып танылады.

Қадағалау кеңесі қарастыратын мәселелер бойынша шешімдер Қадағалау кеңесінің отырысқа қатысып отырған мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыс берген кезде Қадағалау кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Дауыстардың тең түскен жағдайында, Қадағалау кеңесінің төрағасы берген дауыс шешім қабылдауға негіз болады.

Бақылау кеңесінің сырттай отырысы бейне байланыс (бейнеконференция) арқылы

өткізілуі мүмкін.

58. Қадағалау кеңесінің әрбір отырысына күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар қатыстырылып хатшымен күн тәртібі жасалады. Қадағалау кеңесінің отырысында хатшы хаттама жүргізеді. Отырыс хаттамасы отырыс өткізілгеннен кейін үш күннен кешіктірілмей рәсімделеді және оған төраға, Қадағалау кеңесінің мүшелері мен хатшы қол қояды.

Қадағалау кеңесінің хатшысы Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің отырысында көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығы үшін жауап береді.

Қадағалау кеңесінің хаттамасы Қадағалау кеңесінің мүшелерімен келісілген тілде жүргізіледі.

Отырыс хаттамасында міндетті түрде:

- 1) Қадағалау органның толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілетін күні мен орны;
- 3) отырысқа қатысып отырған тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) кворумның бар болуы;
- 5) отырыстың күн тәртібі;
- 6) дауысқа салынған мәселелер және олар бойынша дауыс берудің қорытындылары;
- 7) қабылданған шешімдер көрсетіледі.

59. Қадағалау кеңесі сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдай алады. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы шешімді Қадағалау кеңесінің төрағасы қабылдайды.

Қадағалау кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде рәсімделуі тиіс және Қадағалау кеңесі мүшелерінің осы шешімді қабылдауға жеткілікті мөлшерде қолдары қойылған жағдайда жарамды болып табылады.

Сырттай дауыс беру арқылы Қадағалау кеңесінің талқылауына берілген мәселелерді Қадағалау кеңесінің әрбір мүшесімен қарастыру мерзімі соңғының талқылауға түскен күнінен бастап бес жұмыс күнінен аспауы керек.

60. Серіктестіктің Қадағалау кеңесі оның атқарушы органының жұмысына тиісті бақылауды жүргізбеу салдарынан Серіктестік пен үшінші тұлғаларға келтірген шығындар үшін, Қадағалау кеңесінің мүшелері белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тартылады.

61. Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Қадағалау кеңесінің шешімдері мен Қадағалау кеңесінің хаттамалары Серіктестіктің мұрағатында сақталады.

Қадағалау кеңесінің хатшысы Қадағалау кеңесі мүшесінің талабы бойынша оған Қадағалау кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге міндетті және (немесе) оған Серіктестіктің өкілетті қызметкерімен және Серіктестіктің мор бедерлемесі бар куәландырылған хаттамадан және шешімнен үзінділерді береді.

10. Атқарушы орган – Баскарма

62. Серіктестіктің ағымдағы қызметін басқару және оның істерін жүргізу Серіктестіктің Баскармасымен жүзеге асырылады. Серіктестіктің Баскармасы Серіктестіктің Бас директоры (Баскарма төрағасы) басқарады.

Баскарманың жұмысын ұйымдастыру, оның отырыстарын шақыру мен өткізу тәртібі, Баскарма мүшелерін сайлау мерзімі Серіктестіктің Жалғыз қатысушысымен бекітілген Серіктестіктің Баскармасы туралы Ережемен анықталады.

63. Серіктестік Баскармасының құзыретіне Заңмен және Жарғымен және/немесе Жалғыз қатысушымен қабылданған ережелермен және өзге құжаттармен анықталған Жалғыз қатысушының немесе Қадағалау кеңесінің құзыретіне жатпайтын, Серіктестік қызметінің мәселелері жатады, соның ішінде:

- 1) Серіктестіктің мүдделерін білдіру;
- 2) Жалғыз қатысушы мен Қадағалау кеңесінің шешімдерінің әзірленуі мен орындалуын ұйымдастыру, олардың орындалуы туралы есеп беру;
- 3) Жалғыз қатысушының немесе Қадағалау кеңесінің құзыретіне жататын мәселелерді

алдын ала мақұлдайды;

4) Жалғыз қатысушы мен Қадағалау кеңесінің сұрауы бойынша, олармен белгіленген мерзімде, Серіктестіктің өндірістік және қаржы қызметі туралы кез-келген ақпаратты, соның ішінде бухгалтерлік және қаржы есебін және өзге де құжаттамаларды беру;

5) Серіктестіктің міндеттемелерін ұлғайту алдындағы күннен Серіктестіктің міндеттемелерін жыл соңындағы оның өзіндік капиталының мөлшерінен 10-нан (оннан) 25-ке (жиырма беске) дейін пайыз құрайтын көлемге ұлғайту туралы шешімді қабылдау;

6) Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтауды қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды қабылдау;

7) Жарғының 46-тармағының 8) тармақшасымен көзделген құжаттардан басқа, Серіктестіктің қызметін ұйымдастыруға бағытталған құжаттарды (еңбек тәртібінің ережелері; Серіктестіктің регламенті; іс қағаздарын жүргізу жөніндегі нұсқаулық; Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелері мен консультативтік – кеңес органдарының қызметін реттейтін құжаттар; Серіктестікпен келісімшарттардың бекітілу тәртібін анықтайтын құжаттар; басқа құжаттар) бекіту;

8) Серіктестіктің штат кестесін, сондай-ақ Серіктестіктің Астана қаласы бойынша арнайы бөлімшесінің, филиалдары мен өкілдіктердің әкімшілік – басқару персоналының басқару құрылымын Қадағалау кеңесімен бекітілген сан шегінде бекіту;

9) Филиалдардың, өкілдіктердің және Серіктестіктің Астана қаласы бойынша арнайы күзет бөлімшесінің күзет бекеті құрамының штаттық санын бекіту;

10) Серіктестік қызметкерлерін дайындау мен біліктілігін арттыру бағдарламасын бекіту;

11) Серіктестіктің ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдерді қабылдайды;

12) Демеулік (қамқорлық) көмек көрсету туралы шешімді белгіленген тәртіпте қабылдау;

13) Серіктестегі ішкі бақылау мен тәуекелді басқару үдерістерін әзірлеу мен қолдану үшін жауапкершілік алады;

14) Қадағалау кеңесінің қарауына тәуекелдерді басқару бойынша есеп береді, сондай-ақ қадағалау кеңесіне Серіктестегі тәуекелді басқару жүйесіндегі елеулі кемшіліктер туралы дер кезінде хабарлайды;

15) Серіктестікті дамырудың ұзақ мерзімді стратегиясының жобасы мен Серіктестіктің Бизнес-жоспарын, соның ішінде Серіктестіктің бизнес-жоспарын түзетуді ұйымдастырады, әзірлейді;

16) Өз құзырлығы шектігінде басқа міндеттерді орындау.

64. Басқарма Қадағалау кеңесінің мүшелеріне, оларға міндеттерді орындауға байланысты жүктелсе, Серіктестіктің қызметі туралы, соның ішінде құпия сипаты бар ақпаратты сұранымды алған кезде бастап 10 күннен кешіктірмей береді.

65. Басқарма Жалғыз қатысушының және Қадағалау кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

66. Жалғыз қатысушының өкілдері мен Серіктестіктің қызметкерлері Басқарманың мүшесі бола алады. Серіктестік Басқармасының мүшесі басқа ұйымдарда қосымша қызмет ете алады, тек Жалғыз қатысушының келісімімен ғана жұмыс.

Басқарма мүшесінің қызметі, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен, Басқарма туралы Ережемен, сондай-ақ Серіктестікпен тұлға арасында бекітілген еңбек келісімшартымен анықталады. Серіктестіктің атынан Бас директормен (Басқарма Төрағасымен) бекітілген еңбек келісімшартына Серіктестіктің Жалғыз қатысушысымен өкілетті етілген тұлға қол қояды. Басқарманың басқа мүшелерімен жасалған еңбек келісімшартына Серіктестіктің Бас директоры (Басқарма Төрағасы) қол қояды.

67. Серіктестіктің Басқармасы Жалғыз қатысушымен сайланады. Басқарма саны тақ сан болу керек, бұл ретте Басқарма 3 (үш) мүшеден кем болмауы керек.

68. Серіктестіктің Басқармасы, әдетте, айына 1 (бір) реттен кем жиналмайды.

69. Серіктестіктің Басқармасы сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауға құқылы.

69-1. Серіктестіктің Басқармасының құзыреті және қызмет етуі, ұйымдастыру тәртібі және статусы, Басқарма мүшелерінің өкілеттіктері және жауапкершілігі, Басқарманың отырысын шақыру, өткізу тәртібі және оның шешімін рәсімдеу және қабылдау тәртібі, Серіктестіктің Жалғыз қатысушысымен бекітілген Басқарма туралы Ережемен белгіленеді.

70. Басқарманың әрбір мүшесі 1 (бір) дауысқа ие. Басқарма шешімдері отырысқа қатысын отырған Басқарма мүшелерінің қарапайым көпшілік дауыстарымен қабылданады. Дауыстардың тең

болған жағдайында, Серіктестіктің Бас директоры (Басқарма төрағасы) дауыс берген шешім қабылданады.

71. Серіктестіктің Бас директоры (Басқарма төрағасы):

- 1) Серіктестіктің Басқармасын басқарады;
- 2) Серіктестіктің атынан үшінші тұлғалармен сенімхатсыз іс-әрекет жасайды;
- 3) Серіктестікті өкілдік ету құқығына сенімхатты, соның ішінде қайта сеніп тапсыру құқығы бар сенімхаттарды береді;
- 4) Серіктестіктің мүлкіне, ақшаны қоса есептегенде, Жарғымен белгіленген тәртіпте иелік етеді;
- 5) Серіктестіктің атынан келісімшарттар (шарттар) бекітеді және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;
- 6) Банк шоттарын ашады және Серіктестіктің төлем құжаттарына қол қояды;
- 7) Серіктестіктің еңбек ұжымымен міндетті түрде орындалатын бұйрықтары мен өкімдерін шығарады;
- 8) Басшылық және әкімшілік жұмыскерлердің лауазымдық еңбекақыларының мөлшерлерін белгілейді, әкімшілік персоналына сыйақы төлеу мәселелерін шешеді. Қадағалау кеңесінің шешімі негізінде басшы жұмыскерлеріне сыйақы төлеу туралы бұйрықтар шығарады, көгермелеу және тәртіптік жаза қолдану іс-шараларын қабылдайды;
- 9) Қадағалау кеңесімен бекітілген номенклатура бойынша, Жалғыз қатысушының келісімімен Серіктестіктің басшы қызметкерлерін тағайындайды және босатады;
- 10) Өзі болмаған жағдайда өзінің міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біреуіне жүктейді;
- 11) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік аясы мен жауапкершілікті бөледі.

12) Серіктестіктің жұмыс тәртібін бекітеді;

13) Серіктестіктің негізгі құралдарын, тауарлық-материалдық қорлары мен материалдық емес активтерін бір бірлік үшін, бес жүз есе айлық есептік көрсеткішпен астам тиісті қаржы жылына Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген баланстық құнымен сату мен есептен шығару туралы шешімдер қабылдайды;

14) Серіктестіктің міндеттемелерін Серіктестік міндеттемелерін ұлғайту күні алдындағы жыл соңындағы оның өзіндік капиталының мөлшерінен 10 (он) пайыз құрайтын көлемге ұлғайту туралы шешімді қабылдайды;

15) Серіктестіктің қызмет мәселелері бойынша ұйымдармен, соның ішінде мемлекеттік органдармен, соттармен қарым-қатынастарында Серіктестікті таныстырады;

16) Қадағалау кеңесінің және Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының сұранысы бойынша Серіктестіктің ағымдағы қызметі туралы есептерді (жартыжылдық, жылдық) қарауға береді;

17) Жалғыз қатысушымен белгіленген нысан және мерзім бойынша Бизнес-жоспарды іске асыру туралы есеп береді;

18) Қадағалау кеңесі мен Жалғыз қатысушы алдында Серіктестіктің жұмыс үшін жауап береді;

19) Басқарма отырыстарын шақырады және қажетті материалдарды талқылауға шығарады;

20) Серіктестіктің атынан Серіктестіктің қызметкерлерімен, сондай-ақ белгіленген тәртіпте Жалғыз қатысушының өкілдері болып табылмайтын Басқарма мүшелерімен келісімшарттарды бекітеді және бұзады;

21) Серіктестіктің Басқармасымен белгіленген тәртіпте ішкі нормативтік құжаттарды, сондай-ақ құрылымдық бөлімшелер туралы Ережелерді бекітеді;

22) Жалғыз қатысушының, Қадағалау кеңесінің және Серіктестік Басқармасының шешімдерін жүзеге асырады;

23) Өз құзыреті шегінде басқа да қызметтерді атқарады;

24) Белгіленген тәртіпте тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу жоспарын бекітеді.

72. Серіктестіктің Бас директорының (Басқарма төрағасының) шешімдері бұйрықтар мен өкімдер түрінде ресімделеді.

73. Серіктестіктің Бас директорына (Басқарма Төрағасына) және Басқарма мүшелеріне:

- 1) Жалғыз қатысушының келісімісіз Серіктестікпен одан мүліктік пайда алуға бағытталған (соның ішінде сыйға тарту, қарыз, Серіктестіктің мүлігін сатып алу-сату, қайтарусыз пайдалануға шарттарын және т.б.) мәмілелер жасасуға;

- 2) Серіктестіктің үшінші тұлғалармен жасаған мәмілелері үшін Серіктестіктің өзінен және үшінші тұлғалардан делдалдық сыйақы алуға;
- 3) Серіктестікпен қарым-қатынастағы үшінші тұлғалардың атынан немесе олардың мүддесі үшін әрекет етуге;
- 4) Серіктестіктің қызметімен бәсекелес болатын кәсіпкерлік қызмет атқаруға тыйым салынады.

74. Осы Жарғының 73 тармағының 1)-3) тармақшаларымен көзделген шектеулер Серіктестіктің Бас директорының (Басқарма төрағасының) және Басқарма мүшелерінің жұбайына, барлық тікелей болған және болатын туыстарына, сондай-ақ туған аға-інілері мен апа-қарындастарына таралады.

11. Тексеру комиссиясы

75. Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атқару органының қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жүргізу үшін серіктестіктің қатысушыларының санынан немесе олардың өкілдерінен тексеру комиссиясы құрыла алынады. Тексеру комиссиясы бес жылдан аспайтын мерзімге және бес адамнан аспайтын құрамда Жалғыз қатысушының өкілдері қатарынан Серіктестіктің Жалғыз қатысушысымен сайланады.

76. Серіктестіктің Бас директоры (Басқарма Төрағасы) мен Басқарма мүшелері тексеру комиссиясының мүшелері бола алмайды.

77. Тексеру комиссиясының жұмыс тәртібі жарғымен, сондай-ақ Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін ережелермен және басқа да құжаттармен реттеледі.

78. Тексеру комиссиясы міндетті түрде Серіктестіктің жылдық қаржылық есебін Жалғыз қатысушы бекіткенге дейін тексереді. Жалғыз қатысушының тексеру комиссиясының қорытындысы немесе аудиторлық есепсіз жылдық қаржылық есепті бекітуге құқығы жоқ.

79. Серіктестіктің қаржылық-шаруашылық қызметін тексерудің нәтижелері бойынша тексеру комиссиясы тексеру аяқталған соң жеті күннің аралығында қорытынды жасайды және оны Серіктестіктің Басқармасына Серіктестіктің Жалғыз қатысушысымен бекітуге ұсыну үшін жібереді.

80. Серіктестіктің жылдық қаржылық есеп беруін, сондай-ақ оның ағымдағы істерін тексеру мен дұрыстығын растау үшін Серіктестіктің, Қадағалау кеңесі мүшелерінің, Басқарманың немесе Жалғыз қатысушының мүліктік мүдделерімен байланысы жоқ кәсіби аудиторды (сыртқы аудит) шақыруға құқылы.

81. Серіктестік есеп пен есеп беруді жүргізу мен сенімділік тәртібін сақтау үшін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес жауап береді.

82. Егер Серіктестіктің Басқармасы Серіктестіктің қаржылық есебіне аудиторлық тексеруді жүргізуден бас тартса, және осындай тексеру міндетті болса немесе оның жүргізілуін Серіктестіктің Қатысушысы талап еткенде, осындай тексеріс кез келген мүдделі тұлғаның немесе Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының өтініші бойынша қабылданған сот шешімімен тағайындалады.

12. Серіктестіктің қатысушылары мен үлесін сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты берудің тәртібі мен мерзімі

83. Жалғыз қатысушының мүддесін білдіретін Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты беру туралы Жалғыз қатысушының жазбаша талабы, егер Жалғыз қатысушымен басқасы бекітілмесе, осындай талапты алған күннен бастап, 15 (он бес) күн аралығында Серіктестікпен орындалуы керек.

84. Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты Серіктестіктің үлесін сатып алушыларға Жалғыз қатысушының жазбаша келісімін алған соң, Серіктестік осындай жазбаша келісімді алған күннен бастап 10 (он) күн аралығында беруге міндетті.

85.Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат Жалғыз қатысушы мен Серіктестікте үлес сатып алушыларға қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын ақпаратқа белгіленген шектеулерді ескере отырып беріледі.

13.Серіктестікті қайта құру

86.Серіктестікті қайта құру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіпте Жалғыз қатысушының шешімі бойынша ерікті түрде жүзеге асырылуы мүмкін.

87.Қайта құрылған Серіктестіктің мүлгі, басқасы қайта құру туралы шешіммен немесе басқа да заңды актілерімен көзделмеген жағдайда, заңды иеленушісіне заңды тұлға ретінде қайта тіркелген кезінде беріледі.

88.Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамалық кесімдерімен белгіленген жағдайларда Серіктестіктің бөліну немесе оның құрамынан бір немесе бірнеше серіктестіктердің бөлініп шығуы арқылы қайта құрылу нысаны өкілетті мемлекеттік органдардың шешімімен немесе сот шешімі бойынша жүзеге асырылады.

89.Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамалық кесімдерімен белгіленген жағдайларда Серіктестіктің қосылу немесе бірігу арқылы қайта құрылу нысаны тек өкілетті мемлекеттік органдардың келісімімен жүзеге асырылады.

14.Серіктестікті тарату

90.Серіктестіктің таратылуы Жалғыз қатысушымен немесе сотпен тағайындалған тарату комиссиясымен жүргізіледі. Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап, оған Серіктестіктің істерін басқару жөніндегі өкілеттік беріледі.

91.Тарату Заңнамамен көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

92.Заңды тұлғалардың Бірыңғай Мемлекеттік тізіліміне бұл туралы жазба енгізілген кезден бастап, Тарату аяқталды, ал Серіктестіктің қызметі тоқтатылды деп саналады.

92-1.Серіктестік сот шешімі бойынша:

- 1)банкротқа ұшырау;
- 2)Серіктестік құрылғанда жойылмайтын заңнама бұзушылықтарының орын алуына байланысты оның тіркеуі жарамсыз деп танылған;
- 3)қызметін тиісті рұқсатсыз (лицензиясыз) немесе заңнаманы бірнеше рет және дөрекі бұзумен іске асырған немесе заңнама кесімдерімен тыйым салынған қызмет атқарған;
- 4)заңнама кесімдерімен қарастырылған басқа жағдайларда таратылу мүмкін.

15.Серіктестіктің қызметін тоқтату

93.Серіктестіктің қызметінің тоқтатылуы Жалғыз қатысушының немесе соттың шешімі бойынша қайта құру немесе тарату арқылы жүргізіледі.

94.Серіктестік өз қызметін:

- 1)егер Жарғылық капиталды азайту нәтижесінде оның мөлшері заңнамамен белгіленген ең төменгі мөлшерден төмендеп кетсе;
- 2)егер қатысушылар белгіленген мерзімдерде Серіктестіктің жарғылық капиталын ұйымдастырмаса;
- 3)заң актілерімен көзделген басқа да негіздер бойынша тоқтатады.

95.Егер Жарғылық капиталды азайту нәтижесінде оның мөлшері заңнамамен көзделген ең төменгі мөлшерден төмендеп кеткен жағдайда, Жалғыз қатысушы бір жылдың ішінде Жарғылық капиталға қосымша тиісті салымдарды салуы керек. Басқаша жағдайда мүдделі тұлғалардың өтініші бойынша Серіктестік соттың шешімімен таратылуға жатады.


16.Қорытынды ережелер

96.Осы Жарғымен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес реттеледі.

97.Егер Жарғының қандай да бір ережесі жарамсыз болып қалған жағдайда, онда бұл қалған ережелердің қолданылуына ықпалын тигізбейді. Жарамсыз ереже заңнамалық талаптарына сай басқа мазмұны ұқсас ережемен өзгертіледі.

98.Жарғы әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

Жалғыз қатысушының атынан


(Т.А.Ә.)

(КОЛЫ)

Утвержден
решением Правления
АО НК «КазМунайГаз»
«04» сентября 2014 год
протокол №83 п.17.

УСТАВ
Товарищества с ограниченной ответственностью
«KMG-Security»

г. Астана, 2014 год

1. Общие положения

1. Товарищество с ограниченной ответственностью «KMG-Security», (далее - Товарищество) является юридическим лицом по законодательству Республики Казахстан, переименованным из товарищества с ограниченной ответственностью «Semser Security», созданного в результате преобразования из акционерного общества «Семсер», и осуществляет свою деятельность в соответствии с Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью» (далее - Закон) и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан (далее - законодательство Республики Казахстан), а также настоящим Уставом (далее - Устав).

2. Единственным Учредителем (далее - Единственный участник) Товарищества является акционерное общество «Национальная компания «КазМунайГаз».

Место нахождения (адрес). 010000, Республика Казахстан, г. Астана, район Есиль, пр. Кабанбай батыра, 19.

Банковские реквизиты: р/с KZ356010111000002033, БИК HSBKZKX, АО «Народный Банк Казахстана», РНН 620100210025, БИН 020 240 000 555.

3. Фирменное наименование Товарищества:

на государственном языке: «KMG-Security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

на русском языке: Товарищество с ограниченной ответственностью «KMG-Security»;

на английском языке: «KMG-Security» limited liability partnership.

4. Сокращенное наименование Товарищества:

на государственном языке: «KMG-Security» ЖШС;

на русском языке: ТОО «KMG-Security»;

на английском языке: «KMG-Security» LLP.

5. Место нахождения Товарищества: Республика Казахстан, г. Астана, район «Алматы», улица Дарабоз, дом 41 ВП1/1.

6. Адрес Товарищества: Республика Казахстан, 010000, г. Астана, район «Алматы», улица Дарабоз, дом 41 ВП1/1.

7. Срок деятельности Товарищества - не ограничен.

8. В соответствии с передаточным актом, утвержденным Единственным участником Товарищества, к Товариществу переходят все имущество, права и обязанности акционерного общества «Семсер», в том числе права и обязанности акционерного общества «Семсер» по постановлениям Правительства Республики Казахстан от 26 сентября 2001 года № 1240 «О некоторых вопросах безопасности в нефтегазовом секторе Республики Казахстан» и от 3 августа 2000 года № 1176 «О мерах по реализации Закона Республики Казахстан «О государственном контроле за оборотом отдельных видов оружия».

2. Юридический статус Товарищества

9. Товарищество приобретает статус юридического лица с момента государственной регистрации в органах юстиции Республики Казахстан.

10. Товарищество имеет печать с указанием полного фирменного наименования на государственном и русском языках, самостоятельный баланс, банковские счета, бланки со своим наименованием, символикой, товарный знак. Для публикации информации о деятельности Товарищества будет использоваться веб-сайт: www.semser.kz.

11. Товарищество для достижения целей своей деятельности имеет право от своего имени заключать сделки, приобретать имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде, а также осуществлять иные действия, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

